

Жубантаева А.Н.

СРАВНИТЕЛЬНАЯ ОЦЕНКА ГЕМАТОЛОГИЧЕСКИХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ У ОВЕЦ ПРИ ЛЕЧЕНИИ КОПЫТНОЙ ГНИЛИ

Аннотация

В статье приведены результаты сравнительного исследования гематологических показателей крови у овец при лечении разными схемами в различные стадии развития патологического процесса копытной гнили. Проведенные исследования свидетельствуют, что, анализируя различия между группами по морфо-биохимической картине крови лучшие показатели были во второй экспериментальной группе, где больных овец копытной гнилью в начальной и средней стадии лечили внутриартериально пенициллином в дозе 200тыс. ЕД.

Ключевые слова: лечение копытной гнили у овец, сравнительная оценка лечения копытной гнили, гематологические показатели крови при лечении копытной гнили, овцеводство.

ӘОЖ 636.32/38.082

Искаков Қ., Шаугимбаева Н.Н., Сабденов Қ.С., Бегембеков Қ.Н., Құлатаев Б.Т.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ЕДІЛБАЙ, ГИССАР ЖӘНЕ ҚАЗАҚТЫҢ БИАЗЫ ЖҮНДІ ҚОЙЛАРЫНЫҢ БУДАНДАРЫНЫҢ ЖҮН ӨНІМДІЛІГІ

Андатпа

Мақалада ет алу үшін өсіретін қойлардың жүнін жақсарту мақсатында еділбай, гиссар тұқымының қошқарларымен еділбай, қазақтың биязы жүнді тұқымдарының саулықтарын будандастырып, алынған будандардың жүн өнімділігінің негізгі белгілерін зерттеу нәтижелері берілген. Нәтижесінде еділбай қошқарлары мен қазақтың биязы жүнді саулықтарынан алынған будандардың қырқылған жүн түсімі мен жүн талшықтарының жіңішкелігі басқа генотипті будандардан молырақ әрі сапалырақ болатыны анықталған.

Кілт сөздер: қой, тұқым, желі, ет, жүн, іріктеу, етті тұқым, қозы.

Кіріспе

Қой жүні – қой терісінде өсетін түк, түбіт, қылшық. Қой жүнінен киіздің, текеметтің, сырмақтың небір түрлері басылады, одан иірілген жіптерінен киім тігіліп, кілем, бау-басқұр тоқылады, өте берік әрі тозбайтын арқан-жіп есіледі және басқа да көптеген тұрмыстық, шаруашылық бұйымдар жасалады. Қойдан басқа да жүн, түбіт, қылшық беретін мал түрлері болғанымен, олардан алынатын өнім қойдан алынатын өніммен салыстырғанда бірнеше есе аз болады. Төрт түліктен алынатын барлық жүн мөлшерін салыстыра қарағанда аталған өнімнің 80-90 пайызы қойдан алады, яғни өндірілетін барлық жүн өнімінің 10-15 пайызы ғана түйе, ешкі, тағы басқа мал үлесіне тиеді. Сондықтан қой өсірудің қазақ жерінде көне замандардан-ақ маңызы үлкен болған [1].

Қой жүні басқа мал түрлерінің жүнінен өзінің мынадай қасиеттерімен ерекшеленеді:

- мейлінше мықты. Оның мықтылығын өзінің жіңішкелігіндей сымтемірдің беріктігімен салыстыруға болады;

- жіңішкелігі дәл өзіндей заттардың бәрінен жеңіл;

- жылуды жақсы сақтайды;

- созылғыш, сол себепті су мен дымқылдан иленбейді;

- бояуды жақсы сіңіреді, ұзақ уақыт бойы түсін жоғалтпайды.

Қой жүні түліктің жас ерекшеліктеріне, қой денесінің қай жеріне өскеніне, жыл маусымына, жүннің сапасы мен құрамына қарай ажыратылады. Жас ерекшеліктеріне қарай – қой жүні, қозы жүні, саулық жүні, қошқар жүні, бойдақ қой жүні деп жіктеледі.

Туғанына төрт ай толған қозыдан қырқылған жүн қозы жүні деп аталады. Қозы жүні үлпілдек, тарамды, ажарлы болғандықтан, қой жүнінен артық бағаланатын жағдайлар болады. Қозының жүні ұзындығымен, талшықтарының жуандығымен, бұйрасының аздығымен де ерекшеленеді. Ал, жаңа туған қозы жүнін қарын жүн деп атайды. Ол қаракөл қой тұқымының елтірісінде (арнайы өсірілген қой тұқымынан туған қозының туғаннан кейінгі алғашқы 2-3 күндік жасында сойып алған кездегі үлпілдек, түрлі түсті, бұйра жүнді терісі) болады. Сонымен бірге қозының маусым айында алғаш рет қырқылған жүнін де кей жерде қарын жүн деп атайды. Ал туғанына алты ай толған қозы жүні тоқты жүн, бір жастан асқан барлық қойлардың жүні қой жүні деп айтылады [2].

Жас саулықтың жүні сапасы жағынан кәрі саулық жүнінен артық болады. Сауылатын қой жүні өсімтал болмайды, жүні көпке дейін көтерілмейді. Олардан қырқылатын жүн сапасы саулықтардың күтіміне байланысты. Саулықтармен бірге қошқарлардың жүні де қырқылады. Оны қошқар жүні дейді. Қошқар жүні мықты әрі тығыз болады.

Етті-майлы бағыттағы құйрықты қойлардың бір ерекшелігі – шөл және шөлейт аймақтарда бағылуға жақсы бейімділігі. Мұндай аймақтарда басқа қой тұқымдары көбінесе жүдеп-жадап, өнімділігін жоғалтып жатқанда, құйрықты қойлар өнімділігін еш төмендетпестен тіршілік ете алады [3].

Осындай қой тұқымдарының бірі – гиссар қойы. Ол денесінің үлкендігімен, жүрдектігімен, жақсы жетілген сирақтарының ұзындығымен, құйрығының үлкендігімен ерекшеленеді. Бұл тұқым негізінен Тәжікстанда өсіріледі, сол жердің табиғатына жақсы бейімделген. Тірілей салмағы қошқарында 130-140 кг, саулықтарында 80-85 кг-ға дейін жете береді. Жүні негізінен қара түсті немесе қызғылт түсті болып келеді және қылшығы өте көп болады.

Зерттеу нысандары мен әдістері

Бұл жұмыста қылшық жүнді қойлардың жүнін жақсарту мақсатында еділбай, гиссар тұқымының қошқарларымен еділбай, қазақтың биязы жүнді тұқымдарының саулықтарын будандастырып, алынған будан қойлардың жүн өнімділігінің негізгі көрсеткіштері зерттелді.

Зерттеу нысандары ретінде 3,5-4,5 жастағы, «элита» класты еділбай және қазақтың биязы жүнді тұқымды саулықтарды еділбай, гиссар тұқымдарының қошқарларымен будандастырып, алынған I буындық будан ұрпақтардың жүнінің түсімі мен жіңішкелігін салыстыру нәтижелері пайдаланылды:

I топқа гиссар қошқарларымен еділбай саулықтарынан алынған будандар топтастырылды;

II топқа гиссар қошқарлары мен қазақтың биязы жүнді саулықтарынан алынған будандар топтастырылды;

III топқа еділбай қошқарлары мен қазақтың биязы жүнді саулықтарынан алынған будандар топтастырылды.

Саулықтардың қондылығы орташа, оларды күтіп-бағу жағдайлары шаруашылықта қалыптасқан бірдей деңгейде болды.

Қолданылған қошқарлар мен саулықтардың, олардың ұрпақтарының жүн түсімі деңгейі қыркым кезінде жабағысын жеке-жеке 0,1 кг дәлдікпен өлшеу арқылы анықталды.

Жабағының әр түрлі топографиялық бөліктерінен алынған жүн үлгілері әдістеме бойынша сабын-содалы ерітіндіде жуылып, кептірілген соң зерттелді: МР-3 ланометрінде барлық талшық типтерінің – түбіт, аралық талшық, жіңішке қылшық, орташа қылшық және ірі қылшықтың жіңішкелігі өлшенді

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

Қой малының жүн өнімділігі деңгейін бағалайтын ең басты көрсеткіштердің бірі – қырқылған жүн түсімі болып табылады және оның шамасы жүн талшықтарының ұзындығына, жіңішкелігіне, қоюлығына байланысты әртүрлі келеді.

Алынған деректерге қарағанда, ұрғашы мал топтары бойынша салыстырғанда III топтың жүн түсімі I және II топтан, тиісінше, 2,66 кг және 1,0 кг немесе 76,0% және 28,6% артық, ал III топтың еркек малының жүн түсімі I және II топтан, тиісінше – 3,05 кг және 1,1 кг немесе 76,2 % және 27,5% жоғары болды (1-кесте).

1 кесте – Тоқтылардың қырқылған жүн түсімі, кг

Мал тобы	Ұрғашы		Еркек	
	n, бас	$X \pm m_x$	n, бас	$X \pm m_x$
I	30	0,84±0,04	31	0,95±0,05
II	33	2,5±0,02	34	2,9±0,03
III	35	3,5±0,01	32	4,0±0,01

Біздің зерттеулерімізде барлық мал топтары бойынша бүйіріндегі жүн талшықтарының жіңішкелігі 20,3-20,9 мкм аралығында, ал санындағы жүн талшықтарының жіңішкелігі 20,9-21,2 мкм аралығында болды (2-кесте).

2 кесте – Қойлардың жабағысының әртүрлі жүн талшықтарының орташа жіңішкелігі, мкм.

Мал тобы	Бүйір жүні			Сан жүні		
	$X \pm m_x$	σ	C, %	$X \pm m_x$	σ	C, %
I	20,3±0,7	10,2	50,4	21,1±0,7	10,9	51,7
II	20,9±0,5	7,5	36,8	20,9±0,8	9,9	42,3
III	20,9±0,6	7,8	37,5	21,2±0,8	8,8	41,0

Әртүрлі мал топтары (I, II және III топтар) бойынша еркек тоқтылардың бүйір жүнінің жүн талшықтарының жіңішкелігін салыстыратын болсақ, II және III топтар көрсеткіштері I топ көрсеткіштерінен 0,6 мкм немесе 2,9 % жуанырақ болса, ал сан жүнінің жүн талшықтарының жіңішкелігі бойынша III топтың көрсеткіштері басқа I және II топтар көрсеткіштерінен, тиісінше, 0,1 мкм және 0,3 мкм немесе 0,5% және 1,4% жуанырақ болған.

Қорытынды

Нарық талабына сай қой малының ет өнімділігін арттыру мақсатында елімізде бүгінде әртүрлі тұқымдарды будандастыру арқылы еті де, жүні де мол мал топтарын құру қажеттілігі күн өткен сайын артып отыр. Қазақстанның шөл, шөлейт, қуаң далалы аймақтарына арналған болашағы бар етті-жүнді қойларды Қазіргі күнде Алматы облысы, Жамбыл ауданының экономикалық, табиғи-климаттық жағдайларына қарай ет өнімділігі жоғары қой алу үшін гиссар, еділбай тұқымдарының қошқарларын қазақтың биязы жүнді саулықтарымен будандастыру – оданалынған I буындық будан мал тобының жүн өнімінің де негізгі көрсеткіштерін де, атап айтқанда қырқылған жүн түсімі мен жүн талшықтарының жіңішкелігін жақсартатыны анықталды.

Әдебиеттер

1. *Бегімбеков Қ.Н., Тореханов А.А., Байжұманов А.Б.* Мал өсіру және селекция. Алматы: Эверо, 2015 ж. 444 бет.

2. *Шаугимбаева Н.Н., Құлатаев Б.Т., Сабденов Қ.С.* Жаңа экзонадағы еділбай қой жүнінің ерекшеліктері. Профессор М.А. Ермаковтың 100 жылдығына арналған ветеринария және мал шаруашылығы мәселелері бойынша халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. Алматы 2006 ж. 181-184 б.

3. *Қанатин К., Ырзағалиев К.* Еділбай қойларының сүйіндік зауыттық сүлесі малдарының қылшық жүнін лабораториялық зерттеу нәтижелері //Жаршы.-2000.- №6.-10-13 б.

Искаков К., Шаугимбаева Н.Н., Сабденов К.С., Бегембеков К.Н., Кулатаев Б.Т.

ШЕРСТНАЯ ПРОДУКТИВНОСТЬ ПОМЕСЕЙ ЭДИЛЬБАЕВСКИХ, ГИССАРСКИХ И КАЗАХСКОЙ ТОНКОРУННЫХ ПОРОД ОВЕЦ

Аннотация

В статье приводятся результаты изучения основных признаков шерстной продуктивности помесей, полученных в результате скрещивания баранов едилбайской и гиссарской пород с овцематками казахской тонкорунной породы, с целью улучшения шерсти животных, предназначенных для получения мяса. В результате у помесей, полученных от скрещивания баранов едилбайской и овцематок казахской тонкорунной пород увеличен настриг шерсти и улучшена качества тонины шерстных волокон.

Ключевые слова: овцы, порода, линии, мясо, шерсть, подбор, мясные породы, овцеводство.

Iskakov K., Shaugimbaeva N.N., Sabdenov K.S., Begembekov K.N., Kulataev B.T.

WOOL PRODUCTION OF HISSAR, EDILBAI AND KAZAKH FINE – FLEECE SHEEP AND THEIR HYBRIDS

Annotation

The article presents the results of studying the main features of wool productivity of hybrids derived from crosses edilbayskoy rams and ewes Hissar rocks Kazakh fine-fleeced breeds, in order to improve wool animals intended for meat. As a result, hybrids derived from crosses between rams and ewes edilbayskoy Kazakh fine-fleeced breeds increased wool clip and the improved quality of the fineness of wool fibers.

Key words: sheep, sheep breed, lines, meat, wool, selection, meat seed, lamb.